



"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 қараша N 1405

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ТУРАЛЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын мемлекеттік реттеудің құқықтық және ұйымдастыру негіздерін бекітеді.

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

- 1) авиациялық қызметтер - жолаушылардың, теңдеме жүктің, жүктің, почтаның әуе тасымалдарын ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге, авиация жұмыстарын орындауға байланысты азаматтық авиацияның қызметтері;
- 2) авиация техникасы - азаматтық әуе кемелері, олардың жабдығы, жинақтаушы бұйымдары, қозғалтқыштары, тренажерлері және азаматтық әуе кемелерінің жерде қызмет көрсету құралдары ;
- 3) авиациялық бағыт (авиабағыт) - бекітілген пункттер арасында әуе қатынасы

үстінде жүзеге асырылатын жер бетінің географиялық сипаттамасы немесе географиялық сипаттамалар құрамдастырылымы;

4) ұшу қауіпсіздігі - азаматтық әуе кемесінің және авиациялық қызметтер мен/немесе жұмыстардың адамдардың өмірі мен денсаулығына қатерсіз ұшуды орындауға қабілеттілігін анықтайтын кешенді сипаттамасы;

5) әуе тасымалдары - заңды, жеке тұлғалардың азаматтық әуе кемелерімен жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүкті және почтаны тасымалдау жөніндегі қызметі;

6) азаматтық әуе кемесі - азаматтық авиацияда пайдаланылатын әуе кемесі;

7) ұшу жарамдылығы - азаматтық әуе кемесінің уәкілетті орган бекітетін азаматтық әуе кемесінің ұшу-техникалық сипаттамаларына, параметрлеріне және ұшу қасиеттеріне жауап беретін техникалық жай-күйі;

8) тағайындалған әуе тасымалдаушысы - екі жақты немесе көп тарапты әуе қатынасы туралы халықаралық келісімнің талаптарына сәйкес әуе тасымалдарына жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасынан тағайындалған әуе тасымалдаушысы;

9) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету - мемлекеттік органдар, азаматтық авиация ұйымдары және авиация қызметшілері жүзеге асыратын, авиациялық оқиғалардың алдын алуға және оларды болдырмауға бағытталған шаралар жиынтығы;

10) азаматтық авиация ұйымы - азаматтық авиация саласында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға, соның ішінде авиакомпания, сондай-ақ әуе кемесіне қызмет көрсететін, техникалық қызмет көрсететін және авиациялық техниканы жөндейтін, тандап алған қызметке сәйкес келетін мемлекеттік сертификаты мен лицензиясы бар

з а ң д ы т ұ л ғ а ;

11) авиабағытқа арналған куәлік - уәкілетті орган авиакомпанияға авиация бағыттарын пайдалану құқығына берген құжат;

12) авиабағыттарды қаражаттандыру - авиакомпанияларға осы Заңда анықталған мақсаттар үшін мемлекеттік бюджеттен бөлінетін өтемсіз және қайтарымсыз төлемдер;

13) уәкілетті орган - міндеттері мен функциялары азаматтық авиация қызметін мемлекеттік реттеу мен бақылау және азаматтық авиация саласында әуе кеңістігін пайдалану болып табылатын мемлекеттік орган.

2-бап. Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының қызметін мемлекеттік реттеу туралы заңдар

1. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын мемлекеттік реттеу туралы заңдар Қазақстан Республикасының К951000_ Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, әуе кеңістігін пайдалану мәселелерін реттейтін заң актілерінен және соларға сәйкес қабылданған нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Қазақстан Республикасының заң актілеріндегі осы Заңның ережелеріне

қайшы келген жағдайда азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы заң нормалары Заңға тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін ғана қолданылуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың оның заңдары алдында басымдылығы бар және халықаралық шарттан, оны қолдану үшін жеке заң шығару қажет етілгеннен басқа жағдайда тікелей қолданылады.

3-бап. Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік реттеу объектілері

Азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік реттеу объектілеріне азаматтық авиация ұйымдары, пайдаланушылар, сондай-ақ қызметі ұшуды орындау мен қамтамасыз етуге байланысты авиация қызметшілері жатады.

2-ТАРАУ. АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ

4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы өкілеттігі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің азаматтық авиация саласындағы өкілеттігіне:

- 1) азаматтық авиация саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастығы;
- 2) азаматтық авиациядағы қызмет түрлерін лицензиялау ережелерін бекіту;
- 3) авиабағыттар бойынша қаражаттандыру ережелерін бекіту;
- 4) авиабағытқа арналған куәліктерді беру ережелері мен шарттарын анықтау;
- 5) флагмандық әуе тасымалдаушысын анықтау және оны анықтау ережелер бекіту;
- 6) заңдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.

5-бап. Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті органның құзыреті

1. Уәкілетті органның құзыретіне:

- 1) азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығын қолдауды бақылау;

- 2) ұшу қауіпсіздігінің, авиация қауіпсіздігінің және азаматтық авиация саласындағы өзге де нормативтік құжаттардың сақталуын бақылау;
- 3) тұрақты емес ұшуды орындауға рұқсаттар беру, сондай-ақ тұрақты емес ұшуды орындауға арналған рұқсаттарды беру ережелерін және беруден бас тарту үшін негіздерді анықтау;
- 4) азаматтық әуе кемелерінің ұшу-техникалық сипаттамаларын, параметрлерін және ұшу сапарларын бекіту;
- 5) халықаралық әуе тасымалдарының жүзеге асырылуын бақылау;
- 6) тұрақты ұшу кестесін бекіту;
- 7) азаматтық авиация қызметін реттейтін нормативтік актілер әзірлеу;
- 8) авиабағытты пайдалану шарттарын анықтау;
- 9) авиация қызметшілерін қайта даярлау бағдарламаларын бекіту;
- 10) азаматтық авиация саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;
- 11) әуе қатынасы мәселелері жөніндегі халықаралық шарттарды іске асыру;
- 12) халықаралық азаматтық авиация ұйымдарындағы Қазақстан Республикасының өкілдігі;
- 13) Қазақстан Республикасының заңдарымен уәкілетті органның құзыретіне кіретін өзге де мәселелер жатады.

2. Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары:

1) авиациялық қауіпсіздікті және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтық авиация ұйымдарының лауазымды тұлғалары мен пайдаланушыларға орындалу мерзімін белгілеумен нұсқау және инспекторлық ұйғарым беруге;

2) азаматтық авиация ұйымдарының лауазымды тұлғаларынан және пайдаланушылардан қажетті ақпаратты, құжаттарды, соның ішінде қаржылық құжаттарды сұрауға, сондай-ақ өз функцияларын орындау үшін қажетті түсініктемелер мен материалдарды талап етуге;

3) авиациялық қызметшілердің куәліктерін, кеме, ұшу, әуеайлақтық және өзге де құжаттаманы тексеруге;

4) борттық құжаттаманың болуын, сондай-ақ шетелдікті қоса алғанда азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығының талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

3-ТАРАУ. АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

6-бап. Азаматтық авиациядағы қызметті лицензиялау

1. Азаматтық авиациядағы жекелеген қызмет түрлері лицензия негізінде жүзеге асырылады.
2. Азаматтық авиацияда лицензиялауға қызметтің мынадай түрлері жатады:
 - 1) әуежайлық қызмет;
 - 2) авиациялық жұмыстар мен қызметтер;
 - 3) авиация техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөнінде қызметтер ұсыну;
 - 4) азаматтық әуе кемелерімен қауіпті жүктерді тасымалдау;
 - 5) азаматтық әуе кемелерімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдау.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген азаматтық авиациядағы қызмет түрлерін лицензиялау ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

7 - б а п . А в и а к о м п а н и я л а р

1. Азаматтық әуе кемелерімен жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүктерді, почтаны тасымалдауды жүзеге асыратын және/немесе авиациялық жұмыстарды орындайтын авиакомпаниялар осы Заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, азаматтық заңдарда белгіленген тәртіппен акционерлік қоғам нысанында ғана құрылуы мүмкін.

2. Авиакомпанияның ресми мәртебесі әділет органдарында заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуімен, пайдаланушыда уәкілетті орган берген сертификат пен тиісті лицензия болғанда анықталады.

Авиакомпанияның ресми мәртебесі жоқ бірде бір заңды тұлға "авиакомпания" деп атала алмайды немесе өзін әуе тасымалдарын және/немесе авиациялық жұмыстарды жүзеге асырушы деп сипаттай алмайды.

3. Шетел авиакомпаниялары Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

8-бап. Азаматтық авиация ұйымдарының аудиті

Азаматтық авиация ұйымдары қаржы есебіне жыл сайын аудит жүргізуге міндетті.

9-бап. Рұқсаттар

Азаматтық авиация ұйымдары авиациялық техниканы, әуеайлақтарды, әуежайларды меншікке, мүліктік жалға, лизингке, сенімгерлік басқаруға алуға, сондай-ақ пайдаланудың өзге де құқығына уәкілетті органнан рұқсат алуға міндетті.

Ұшу жарамдылық нормаларына, мемлекеттік стандарттарға сәйкес келмегенде, тиісті сертификат болмаған жағдайда уәкілетті орган рұқсат беруден бас тартады.

Рұқсаттар беру ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

10-бап. Азаматтық әуе кемелерімен құқықтарды және мәмілелерді тіркеу

1. Азаматтық әуе кемелеріне арналған құқықтар мен олармен жасалатын

мәмілелер азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде уәкілетті органмен міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады. Меншік құқығы мен басқа да құқықтарды, сондай-ақ азаматтық әуе кемесіне ауыртпалықтарды Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде уәкілетті органның есепке алу рәсімі мемлекеттік тіркеу болып табылады.

2. Мемлекеттік тіркеу объектілері азаматтық әуе кемелеріне құқықтар болып табылады. Тіркеуге:

- 1) меншік құқығы;
- 2) шаруашылық жүргізу құқығы;
- 3) жедел басқару құқығы;
- 4) алты айдан астам мерзімге мүлікті жалға алу құқығы;
- 5) алты айдан астам мерзімге сенімгерлікпен басқару құқығы;
- 6) кепіл зат;
- 7) азаматтық әуе кемелеріне өзге де құқықтар, сондай-ақ осы

құқықтардың ауыртпалықтары жатады.

3. Тіркеуге, сондай-ақ мәмілелердің және өзге де заң фактілерінің нәтижесінде болған азаматтық әуе кемелері құқықтарының өзгертілуі және жойылуы жатады.

4. Азаматтық әуе кемелерін тіркеу ережелерін, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын құжаттардың тізбесін уәкілетті орган бекітеді.

11-бап. Авиабәғыттар, оларды қаражаттандыру және авиабәғытқа арналған куәлік

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе ол уәкілеттік берген мемлекеттік органның шешімімен жүзеге асырылатын авиабәғыттар бойынша тұрақты тасымалдар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жүзеге асырылатын, авиакомпанияның тиімді жұмыс атқаруы үшін қажетті кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін тасымалдар тиісті бюджет қаражаты есебінен қаражаттандыруға жатады.

Авиабәғыттар бойынша тасымалдарды қаражаттандыру ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Авиабәғыттар халықаралық және ішкі авиабәғыттардан тұрады. Халықаралық авиабәғыттар Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес анықталады. Ішкі авиабәғыттарды уәкілетті орган анықтайды.

3. Авиабәғытқа арналған куәлік авиакомпаниялардың белгілі бір авиабәғытта жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүкті және почтаны тасымалдауды орындау құқығын к у ә л а н д ы р а д ы .

Тасымалдау түрлері мен аталған куәліктің қолданылу мерзімі көрсетілген авиабәғыт куәлігін уәкілетті орган береді.

Авиакомпанияның авиациялық қызметтер мен/немесе жұмыстардан түскен кірісті есепке алмағанда, бекітілген кестеге сәйкес бір ай ішінде ұшуды қамтамасыз ету үшін қажетті қаржы қаражаты болмаған жағдайда, авиабәғытқа куәлік беруден бас тартылуы м ү м к і н .

Авиабәғытқа арналған куәлікті беру шарттары бұзылған жағдайда, уәкілетті органның авиабәғытқа куәлік беруден бас тартуы мүмкін.

4. Авиабәғытқа арналған куәлікті алу шарттары мен беру ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

12-бап. Уақытша басқару

1. Ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қорғау және азаматтық авиацияның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті органның Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес халықаралық авиарейстерге қызмет көрсетуге рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыға қатысты уақытша басқаруды енгізу құқығы б а р .

2. Халықаралық авиарейстерге қызмет көрсетуге рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқаруы халықаралық авиарейстерге қызмет көрсетуге рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыға қатысты әкімшілік, заңгерлік, қаржылық, ұйымдастыру-техникалық және өзге де кешенді шаралар мен рәсімдерді мәжбүрлі түрде жүргізу болып табылады.

Уақытша басқаруды енгізу туралы шешімді уәкілетті орган дербес қабылдайды. Уақытша басқаруды енгізу үшін негіз заңдарда белгіленген тәртіппен пайдаланушыдағы әуежай қызметтеріне арналған лицензияны тоқтата тұру немесе кері қайтару болып табылады.

3. Халықаралық авиарейстерге қызмет көрсетуге рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқаруын уақытша әкімшілік жүзеге асырады.

Халықаралық авиарейстерге қызмет көрсетуге рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқаруы өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Халықаралық авиарейстерге қызмет көрсетуге рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыға уақытша басқару кезеңінде заңсыз іс әрекеттермен келтірілген зиян үшін уақытша әкімшілік мүшелері Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауапкершілікте болады.

5. Халықаралық авиарейстерге қызмет көрсетуге рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқаруын енгізу туралы уәкілетті органның шешімі бұйрық ретінде ресімделеді және мыналарды қамтуы тиіс:

1) халықаралық авиарейстерге қызмет көрсетуге рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының атауы, оның орналасқан жері мен мекен-жайы;

2) уақытша басқаруды енгізу үшін негіздер;

3) уақытша басқару әрекетінің басталуы және оның мерзімі;

4) халықаралық авиарейстерге қызмет көрсетуге рұқсат берілген уақытша басқару режиміндегі әуежайды пайдаланушының басқарма қызметкерлеріне олардың жұмыстары жөніндегі есебін дайындау туралы және осы құжаттардың уақытша әкімшілікке берілуі туралы ұйғарымы.

6. Уақытша басқаруды енгізу туралы шешімге сот тәртібінде әуежай иесінің, пайдаланушы немесе пайдаланушы акционерлерінің жалпы жиналысымен уәкілеттік берілген тұлғаның шағым беруі мүмкін. Аталған шешімге шағым беру уақытша басқаруды енгізу туралы шешімнің әрекетін уақытша тоқтатпайды.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің уақытша басқаруды енгізу туралы шешімі бұқаралық ақпарат құралдарында үш жұмыс күні ішінде осы баптың 4-тармағында аталған қаржы есебінен, мемлекеттік және орыс тілдерінде кемінде екі газетте жарияланады.

13-бап. Уақытша әкімшілік

1. Уақытша басқару енгізіліп жатқан әуежай иесі мен пайдаланушының өкілдері құрамына кіре алатын уақытша әкімшілікті уәкілетті орган дербес құрады.

2. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқару іс-әрекеті мерзіміне:

1) әуежайды пайдаланушының басқару жөніндегі барлық өкілеттігі уақытша

әкімшілікке

беріледі;

2) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды басқару жөніндегі пайдаланушының құқықтары уақытша тоқтатылады;

3) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының басқару органдарының және оның басқарушы қызметкерлерінің өкілеттігі уақытша тоқтатылады;

4) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының атынан және есебінен уақытша әкімшіліктің рұқсатынсыз және жазбаша келісімінсіз жасалған барлық мәмілелер жарамсыз деп танылады.

3. Уақытша әкімшілік:

1) осы Заңмен анықталған құзыреті шегінде халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушы қызметінің барлық мәселелері бойынша дербес шешім қабылдауға;

2) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының атынан құжаттарға қол қоюға және шарттар жасасуға;

3) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының атынан және оның мүддесіндегі өкілдікті сотта да жүзеге асыруға;

4) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдалануға байланысты өндірістік мәселелерді бағалау үшін тәуелсіз сарапшыларды шақыруға;

5) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқару мерзімінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығаруға құқылы.

4. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқару мерзімі аралығында уақытша әкімшіліктің қызметін бақылауды мынадай құқықтары бар уәкілетті орган жүзеге асырады:

1) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқару кезіндегі уақытша әкімшілік қызметінің негізгі бағыттары туралы ұсынымдар беру;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының қызметі мен уақытша әкімшіліктің қызметі жөніндегі ақпараттың ұсынылуын талап ету;

3) уақытша әкімшіліктің істеген жұмысы туралы есебін тындап, бекіту;

4) уақытша басқарудың енгізілу себептері жойылмаған жағдайда, мерзімін ұзарту.

5. Уақытша әкімшілікті құру, оның қызметін ұйымдастырудың өзге де мәселелері Қазақстан Республикасының заңдарымен анықталады.

6. Уақытша әкімшілік мүшелері мен авиакәсіпорын қызметкерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңдарымен анықталады.

1. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқаруы мынадай негіздер бойынша тоқтатылады:

- 1) уәкілетті органның шешімімен уақытша басқарудың белгіленген мерзімінің өтуі;
- 2) уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы уәкілетті органның шешім қабылдауы;
- 3) заң күшіне енген сот шешімі.

2. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқаруын, оның енгізілуіне ықпалын тигізген себептің жойылуына байланысты (соның ішінде мерзімінен бұрын) тоқтату халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыға қатысты уақытша әкімшілік немесе уәкілетті орган белгіленген барлық шектеулердің жойылуына әкеледі.

15-бап. Флагмандық әуе тасымалдаушысы

Қазақстан Республикасының флагмандық әуе тасымалдаушысын уәкілетті органның ұсынуы бойынша тағайындалған әуе тасымалдаушыларының ішінен Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

Қазақстан Республикасының флагмандық әуе тасымалдаушысын анықтау ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

16-бап. Әуежайлар мен авиакомпаниялардың авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің қызмет ерекшеліктері

1. Әрбір әуежай мен авиакомпанияның өз құрылымында тиісті қажетті техникалық құралдар мен кадр құрамы мен толықтырылған авиациялық қауіпсіздік қызметі болуы міндетті.

Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің жұмыстары уәкілетті органмен, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органымен, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарымен олардың құзыретіне сәйкес өзара ынтымақтастықта жүзеге асырылады.

Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әуежай және авиакомпанияның бірінші басшысы, сондай-ақ авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің басшылары жеке жауапкершілікте болады.

2. Азаматтық авиацияның барлық ұйымдары авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі авиациялық қауіпсіздік қызметтеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін авиациялық қауіпсіздік қызметтеріне қажетті жағдайлар жасауға міндетті. Азаматтық авиация ұйымдары авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің қызметтік

міндеттерін орындауын кедергі жасауға құқығы жоқ.

3. Әуежайлар мен авиакомпаниялардың авиациялық қауіпсіздік қызметтері, уәкілетті орган белгілеген авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерге сәйкес, азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу әрекетінен қорғауды қамтамасыз етуге м і н д е т т і .

4. Қазақстан Республикасының азаматы ғана авиациялық қауіпсіздік

қызметінің басшысы болуы мүмкін. Әуежайлар мен авиакомпаниялардың авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің басшыларын тағайындау және орнынан босату уәкілетті органның және ұлттық қауіпсіздік органдарының келісімімен жүргізіледі.

5. Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің басшылары мен мамандарының қызметтеріне қойылатын біліктілік талаптарын ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісе отырып уәкілетті орган бекітеді.

4-ТАРАУ.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.